«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Бегазова Гульнаписа Жандаровнаның «Шаруашылық серіктестіктердің құқықтық жағдайы және корпоративтік басқарудың ерекшелігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН ПІКІРІ

/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Бегазова Гульнаписа Жандаровнаның «Шаруашылық серіктестіктердің құқықтық жағдайы және корпоративтік басқарудың ерекшелігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» ғылым бағытына сәйкес келеді. Сонымен қатар диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 728 «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны бекіту туралы» Қаулысына сәйкес орындалған.

Сканировано с CamScanner

.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Докторантпен жасалған ғылыми қорытындылар мен ұсыныстар азаматтық, кәсіпкерлік, корпоративтік құқық сияқты ғылым салаларының дамуына **елеулі үлес қосады**. Диссертациялық жұмыс ғылымға деген **маңыздылығы жоғары,** нақтырақ айтатын болсақ, еліміздің экономикасына әсер етуші субъектілердің ішінде ең көп таралғаны ол – шаруашылық серіктерстіктер. Шаруашылық серіктестіктерді ашу барысында, олардың қызмет етуі кезінде көптеген іс-әрекеттерді жүзеге асыруда цифрлық технология әдістерінің қолданылуы, осы саланың өзектілігін көрсетеді. Ал серіктестіктердің қатысушыларының ортақ, субсидиарлық және шектеусіз жауапкершілігі мәселелерді зерттеу қазіргі таңда маңызды болып отыр. Оның тиімді және тиімсіз жақтарын қарастырған. Осы ретте, диссертация аясында «Шаруашылық серіктестіктердің құқықтық жағдайы», «корпоративтік басқару» мәселелеріне қатысты теориялық факторлармен қатар құқық қолданушылық және заң шығармашылық тәжірибеде қолдануға мүмкіндік беретіні диссертациялық жұмыстың маңыздылығын айқындап, арттыра түсті.
.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық зерттеу жұмысының өзі жазу деңгейі **жоғары.** Диссертациялық зерттеу нәтижелері автордың өз бетінше ғылыми материалдарды, сот тәжірибесін және статистикалық мәліметтерді жинақтау, талдау,

Сканировано с CamScanner

			заңнамалық актілерге түсініктеме беру және отандық, шетелдік заңнамаларын зерттеу негізінде қол жеткізілген. Автормен Қазақстанның заңнамасын, отандық және шет елдердің тәжірибесін салыстырмалы талдау негізінде шаруашылық серіктестіктердің құқықтық мәртебесіне, жауапкершілік, басқару сияқты мәселелерге жаңаша ұсыныстар жасалды.
.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі **негізделген.** Автор жүргізген зерттеу коммерциялық ұйым болып табылатын шаруашылық серіктестіктерді корпоративтік басқарудың ерекшеліктерін зерттеуге арналған, сонымен қатар азаматтық айналымы саласындағы шаруашылық серіктестіктерді ашу, жабу, қызметін тоқтату барысында туындайтын азаматтық – құқықтық реттеудің бірқатар шешілмеген теориялық және құқықтық мәселелерінің бар екендігін көрсетеді. Қазақстанда шаруашылық серіктестіктердің қызметінің құқықтық тұрғыдан реттелуінде әлі де болса жетілмеген тұстарының бар екендігін аңғаруға болады. Елімізде экономиканың белсенді қарқынмен өсуіне және кәсіпкерлік қызметтердің дамуына елеулі үлес қосқан кәсіпкерлік құрылым, әрине шаруашылық серіктестіктері болып табылады. Дегенмен, шаруашылық серіктестіктерді корпоративтік басқаруға байланысты шешімін таппаған, мазмұны қарама-қайшылықтарға толы өзекті мәселелер әлі де

Сканировано с CamScanner

			болса жиі кездесіп жатады. Бұл проблемалар өз кезегінде жедел құқықтық реттеуді, тиімді шешім қабылдауды қажет етеді деген ережелерге негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияны 12 бөлімшені қамтитын 3 тараудан тұрады және мазмұны құрылымы логикалық түрде өзара байланысты. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын ашады, диссертация мазмұнын **айқындайды.** Автор шаруашылық серіктестіктердің құқықтық аспектілерін мұқият зерттейді және осы құрылымдардағы корпоративтік басқару ерекшеліктерін қарастырады. Жұмыс құқықтық мәртебені жан-жақты түсіну және шаруашылық серіктестіктерді басқару үшін қажетті негізгі мәселелерді қамтиды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері нақты тұжырымдалған және зерттеу тақырыбына **толық сәйкес келеді**. Диссертациялық зерттеудің барлық бөлімдері мен нәтижелері өзара байланысты алға қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің міндеттері қойылған мақсаттан қисынды түрде туындайды және мәлімделген тақырыптың барлық аспектілерін жан-жақты қарастыруға бағытталған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың бөлімдері өзара логикалық тұрғыда **толық байланысқан** және диссертациялық зерттеудің мәнін ашады. Жұмыс әр

Сканировано с CamScanner

		1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	тарау материалды біртұтас қабылдауды қамтамасыз ете отырып, келесі тарауға біртіндеп ауысатындай етіп құрылымдалған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автормен ұсынылған диссертациялық жұмыста қарастырылып жатқан мәселелерге қатысты бұрын орын алған ғылыми көзқарастарға, ілімдерге автор тарапынан сыни талдау жүргізілген. Сонымен қатар автор қолданыстағы заңнама ережелеріне де **сыни талдау жасаған.** Жұмыста қолданыстағы шешімдерге сыни талдау жүргізілді, бұл жақсартулар мен инновацияларды негізді түрде ұсынуға мүмкіндік берді. Бұл тәсіл ғылыми зерттеудің жоғары деңгейін және автордың осы саланың дамуына қосқан елеулі үлесін көрсетеді.
.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар салыстырмалы түрде қарағанда **толығымен жаңа** деп санауға болды, өйткені жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша шаруашылық серіктестіктерді корпоративті басқару саласын құқықтық реттеу үшін және қолданыстағы азаматтық және кәсіпкерлік заңнамаларды жетілдіру мақсатында жаңалығымен ерекшеленетін тұжырымдар, ұсыныстар жасалған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа	Диссертация барысында жасалынған қорытындылары **толығымен жаңа** деп санауға болады. Автор бұрын ғылыми әдебиеттерде көрсетілмеген құқықтық реттеу мен корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша бірегей ұсыныстар

Сканировано с CamScanner

		болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	әзірледі. Шет мемлекеттердің құқықтық жүйелеріне жүргізілген салыстырмалы талдау шаруашылық серіктестіктерді басқарудың тиімділігін арттыру үшін инновациялық шешімдерді ұсынуға мүмкіндік берді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Автордың диссертация тақырыбының мәнін ашу мақсатында шаруашылық серіктестіктерді корпоративті басқару саласына кешенді және жүйелі түрде қарау бұл тақырыпты жан-жақты талдау нәтижесінде ұсынылып отырған техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдері **толығымен жаңа** болып табылады.
.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша)	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге **негізделген.** Диссертант қолданыстағы халықаралық құжаттарды, кейбір шетелдердің нормативтік құқықтық құжаттарын, ресейлік және қазақстандық заңнаманы, ресейлік және отандық ғалымдар пікірлерін зерделеу арқылы шаруашылық серіктестіктер саласындағы құқықтық қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеуді бойынша жаңа ұсыныстар жасалған. Сондықтан, зерттеу нәтижесінде жасалынған қорытындылар негізделген.
.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме?	1. «Корпорациялар» – заңды тұлға ретінде тіркелген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында қатысушылардың мүлкін біріктіруге

Сканировано с CamScanner

		1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	негізделген ұйым, бұл ретте мұндай заңды тұлғаның мүлкі мен істерін басқару қатысушының мүлкі мен жеке еркінен бөлек болады. Корпоративтік қатынастардың негізінде жеке және қоғамдық-құқықтық реттеудің үйлесімі көрніс табады. Корпоративтік қатынастарды жария-құқықтық реттеу мемлекеттің осы шаруашылық серіктестіктерді құру және оның жұмыс істеуі үшін сақталуы тиіс арнайы талаптарды белгілеуі кезінде орын алады. Корпоративтік қатынастар кәсіпкерлік қызметті басқаруды қамтитын азаматтық құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастардың ерекше бір түрі болып табылады. 1.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 1.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 1.3 Жаңа ма? 1) ия; 1.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 1.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 1. Legal status of business partnerships under the legislation of the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation // Rivista di Studi sulla Sostenibilita, 2021, (2). – pp. 111–125 2. Development and formation of the legislation of foreign countries regulating business partnerships //

Сканировано с CamScanner

			Вестник КазНУ. Серия Юридическая. –2021. – №1 (97). – С. 38-46 2. Корпоративтік басқару жеке құқықтық реттеуді қажет етеді деп санаймыз. Корпорациядағы «басқару» термині мүліктік, сондай-ақ мүліктік емес, заттық және міндеттемелік, сондай-ақ абсолютті және салыстырмалы құқықтық қатынастардың белгілерін біріктіретін корпоративтік құқықтық қатынастарының ажырамас бөлігі болып табылатын азаматтық-құқықтық қатынастардың ерекше бір түрі ретінде қарастыруға болады. «Корпоративтік басқару» термині оны корпорацияларға қатысты қолдануды меңзейді, оларды кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында қатысушылардың мүлкін біріктіруге негізделген ұйым деп түсіну қажет, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұндай ұйымдар санатына шаруашылық серіктестіктері жатады. Қазақстандық корпоративтік басқару моделі қазіргі уақытта өзінің қалыптасу кезеңін бастан өткізуде, корпоративтік басқарудың қазақстандық үлгісінде барлық дәстүрлі басқару модельдердің әртүрлі компоненттері ресми түрде көрініс тапқан деп айтуға болады. Сондай-ақ, шаруашылық серіктестіктерді корпоративтік басқарудың отандық моделінің басты ерекшеліктері ретінде мыналарды атап өтуге болады, біріншіден, ол – ағылшын-американдық және роман-германдық корпоративтік

Сканировано с CamScanner

			басқару модельдерінің элементтерінен құралған, екіншідлен, Қазақстанда шаруашылық серіктестіктерді корпоративтік басқару тетігі айтарлықтай дәрежеде күрделі болып табылады, мәселен, басқару жүйесінің жеке дара және алқалы принциптерге негізделуінде, үшіншіден, шаруашылық серіктестіктерінде басқару органдарын құру әрдайым көп буынды (екі немесе үш деңгейлі) болып келеді. Мысалы, басқарудың екі буынды жүйесі жоғары басқару органының, яғни серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының және заңды тұлғаны ағымды басқаруды жүзеге асыратын атқарушы органның (жеке немесе алқалы) бір мезгілде болуымен сипатталады. Үш буынды жүйені стратегиялық даму тұжырымдамасын әзірлейтін немесе корпорация қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын орган, мысалы байқау кеңесі толықтырады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде корпоративтік құқықтарды іске асырудың арнайы ережелері қарастырылмаған. Сол себепті, өз құқықтарын жүзеге асыру кезінде корпоративтік қатынастарға қатысушылар заңнамада корпоративтік басқарудың нақты тұжырымдалған қағидаттарын таппайды. Біздің ойымызша, корпоративтік басқарудың негізгі мақсаты корпоративтік қатынастарға қатысушылардың мүдделерін үйлестіруді және қатысушылар арасында пайданы әділ және тең

Сканировано с CamScanner

			бөлуді қамтамасыз ету болып табылады; 2.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 2.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) 4 Қолдану деңгейі: 3) кең 2.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 1. Корпоративтік құқықтық қатынастардан туындайтын талаптарды қамтамасыз етудің кейбір мәселелері // Вестник КазНУ. Серия Юридическая. – 2023. – №1 (105). – С. 59-66 2. Корпоративтік басқаруды құқықтық реттеудің қазақстандық моделі // Вестник КазНУ. Серия Юридическая. – 2024. – №1 (109). 3. Қазақстандағы корпоративтік басқаруды корпоративтік басқарудың кәсіпкерлік моделіне жатқызуға болады. Бұл модель көп жағдайда өтпелі экономикасы бар елдерге, соның ішінде Қазақстанға да тән. Ресми түрде, бұл модельде барлық қажетті атрибуттар бар, бір-ақ іс жүзінде жағдай мүлдем өзгеше болады. Бұл модельдің кемшілігі ретінде мыналарды көрсетуге болады, акционерлердің, менеджерлердің, директорлар кеңесінің функцияларының бұлыңғырлығы және басқарудың

Сканировано с CamScanner

			бұл моделінде өкілді органдар емес, атқарушы органдар, яғни менеджмент басым құзретке ие, нәтижесінде басқару корпоративтік емес, командалық-әкімшілік сипатқа ие болады. Бұл жерде капиталдың едәуір бөлігі әдетте басқарушылардың қолында шоғырланады сол себепті олар өздеріне қажетті шешімдерді өкілді органдардың оңай қабылдауына қол жеткізеді. Корпоративті басқару тетіктерін реттейтін сыртқы факторларға келетін болсақ, мұндағы жағдай әдетте келесі факторлармен сипатталады. Экономикалық саясат пен мемлекеттік реттеу кейде бір-біріне сәйкес келмей жатады, ол көбінесе саяси конъюнктурамен анықталады; 3.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 3.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 3) 3 Жаңа ма? 1)ия; 3.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 3.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) жоқ; 4. Шаруашылық серіктестіктің басқару органдарына маңызды рөл берген, өйткені заңды тұлға сол органдары арқылы құқықтарға ие болып өздеріне міндеттер қабылдайды, осы органдар

Сканировано с CamScanner

			жасаған іс-әрекеттер мен шығарған шешімдер нәтижесінде құқықтық қатынастар пайда болады, өзгереді немесе тоқтатылады. Серіктестікте оның атқарушы органдарының заңсыз және көбінесе жосықсыз әрекеттері салдарынан шығындар туындауы тәжірибеде жиі кездесіп жатады. Іс жүзінде, басқару органы шаруашылық серіктестігіне зиян келтіретін әрекеттерді жасаған кезде, әдетте, бұл ретте жаңа басқару органы сайланады немесе тағайындалады, шығын келтірген адам жұмыстан шығарылады, яғни жасалған құқық бұзушылыққа елеулі ден қойылмайды; 4.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 4.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 4.3 Жаңа ма? 1) ия; 4.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 4) 5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 1. Корпоративтік құқықтық қатынастардан туындайтын талаптарды қамтамасыз етудің кейбір мәселелері // Вестник КазНУ. Серия Юридическая. – 2023. – №1 (105). – С. 59-66 5. Қатысушылардың жалпы жиналысы – бұл жоғары орган, өйткені жиналыс оған есеп беретін

Сканировано с CamScanner

			басқа басқару органдарын құрайды. жалпы жиналыс басқару функциясын жүзеге асырады, өйткені оның құзыретіне ішкі ұйымдастыру мәселелері мен азаматтық айналымға қатысу мәселелері кіреді. Әрбір басқару органының өз құзыреті болғандықтан, шаруашылық серіктестіктерінде бір мезгілде жеке және алқалы атқарушы органдардың болуы оның бірыңғай атқарушы орган екендігін және бұл жағдайда жеке-дара атқарушы орган алқалы атқарушы органның құрамдас бөлігі ретінде әрекет ететіндігін көрсетпейді. 5.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 5.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 5.3 Жаңа ма? 1) ия; 5.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 5) Мақалада дәлелденген бе? Жоқ;
.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының барысында таңдалған әдістер диссертациялық жұмыста **негізделген** және **нақты сипатталған.** Диссертациялық ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу барысында ғылыми зерттеудің жалпы және жеке әдістері: диалектикалық, тарихи, формальды-логикалық, салыстырмалы-құқықтық, лингвистикалық, нақты- әлеуметтік әдістері

Сканировано с CamScanner

			қолданылды. Шаруашылық серіктестіктерді ашу барысында электрондық нысанда жүргізілгенімен, кейін оларды басқару мен одан әрі жетілуін қарастыруда жалпы танымдық диалектикалық әдіс, шаруашылық серіктестіктерді саласындағы басқару және оның органдарының шешімдерін орындауға қатысты құқықтық нормалардың өзара және тәжірибемен байланысын зерттеуде формальды-логикалық, талдау, синтез және хронологиялық әдістер, қызметін қамтамасыз етуге байланысты шетел заңнамасы мен тәжірибесін зерделеуде салыстырмалы-құқықтық әдістер, «корпоративтік басқару», «кәсіпкерлік коммерция», «шаруашылық серіктестіктер», терминдерін тереңірек қарауда лингвистикалық әдістері қолданылды.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен мәліметтерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдану арқылы алынды.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара	Диссертациялық жұмыстың теориялық қорытындылары өзара байланысқан.

Сканировано с CamScanner

		байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Қорытындылар сәйкесінше әдістерді қолдана арқылы расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды корпоративтік басқару өзекті, нақты және сенімді отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталады.** Диссертациялық зерттеу барысында отандық шетелдік нормативтік актілерді қоса қанда 117 дерек көздері қолданылады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін **жеткілікті** болып табылады. Зерттеу барысында автор отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді, ҚР мен шет елдердің нормативтік-құқықтық базасын, сондай-ақ отандық және шетелдлік заңнамаларын қамтитын түрлі дереккөздерді пайдаланды.
	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың теориялық **маңызы жоғары**, өйткені зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында «шаруашылық серіктестік» және «корпоративтік басқару», «шаруашылық серіктестіктің құқықтық

Сканировано с CamScanner

			жағдайы» бағыттарын зерттейтін азаматтық құқық, кәсіпкерлік құқық және басқа да пәнаралық дисциплинарлар аясында студенттерге, магистранттарға сабақ беру барысында және ғылыми ізденушілік аясында кеңінен пайдалануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар мен қорытындылардың практикалық **маңызы жоғары**. Зерттеуде қалыптастырылған тұжырымдар мен ережелердің ҚР Азаматтық кодексіне арналған өзгерістер мен толықтыруларды даярлау, Қазақстан Республикасындағы шаруашылық серіктестіктерді құқықтық реттеу, азаматтық нормаларды жетілдіру туралы басқа да нормативтік актілерді даярлау, заң шығарушылық қызметте азаматтық заңнаманы кемелдендіру мақсатында қолдануға жатады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар **толығымен жаңа** болып табылады. Автор қазіргі заманғы стандарттарға сәйкес келетін ғана емес, сонымен қатар басқарудың тиімділігін арттыру үшін инновациялық шешімдерді ұсынатын практикалық ұсыныстарды әзірледі. Бұл ұсыныстар шаруашылық серіктестіктердегі құқықтық реттеу мен корпоративтік басқаруды жақсарта отырып, тәжірибеге тікелей енгізілуі мүмкін.
0.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары;	Диссертанттың академиялық **жазу сапасы жоғары**, зерттеу жұмысы ғылыми-теориялық

Сканировано с CamScanner

		2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	стильмен және кәсіби ғылыми тілмен жазылған. Мәтін материалды қабылдау мен түсінуді жеңілдететін анық, қисынды және құрылымды жазылған. Автор өз тұжырымдарын сенімді деректермен және беделді дереккөздерге сілтемелермен қолдай отырып, нақты терминдер мен негізделген дәлелдерді қолданады. Диссертациядағы академиялық жазудың сапасы ғылыми зерттеудің жоғары стандарттарына сәйкес келеді.

Бегазова Гульнаписа Жандаровнаның 6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Шаруашылық серіктестіктердің құқықтық жағдайы және корпоративтік басқарудың ерекшелігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Рецензент:
Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің азаматтық
және еңбек құқығы кафедрасының профессоры,
заң ғылымдарының кандидаты, профессор **Нукушева А.А.**

Қызметкерлерді басқару бөлімінің бастығы **Төлеубеков А.Т.**

РАСТАЙМЫН
Ғалым хатшы
К.Е. Тутинова
2024 ж. «10» маусым

Сканировано с CamScanner